

᠑ᠶᠠᠮᠠᠨᠢ

البيبي^ء

البيبي

ӘЛІПБИ

Älɪpbi

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDA+7

Алматы
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Құрастырушылар алқасы: Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

Ә55 ӘЛПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер қамтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық танытқан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020
© «Арда + 7», 2020

мәтіндері берілген. Конференция қорытындысы негізінде «түркі» сөзін «түрік» деп атау, «Әлемдік түрік ескерткіштерін зерттеушілер» ұйымын құру, 1-қарашаны «Түрік халықтарының ғұрыптық ұлықтау мерекесі күні» деп белгілеу, екі жылда бір рет белгілі бір мемлекетте кең көлемде конференциялар өткізу туралы шешім қабылданған.

Көне ұйғыр жазба ескерткіштері – ұйғыр халқының көне замандағы жазба мұралары. Көне ұйғыр жазба ескерткіштері үш түрлі әліпбиімен жазылған: руналық орхон; соғды әліпбиі негізіндегі көне ұйғыр және араб. «Мойын-Чур», «Селенга тасы» (VIII ғ.) және Суджи (IX ғ.) мен Турфаннан (Шығыс Түркістан) табылған ескерткіштер орхон әліпбиімен жазылған. Басқа ескерткіштердің басым бөлігі көне ұйғыр әліпбиімен таңбаланған. Ислам дінінің таралуына байланысты ұйғырлар араб әліпбиімен қабылдады. Алайда көпке дейін көне ұйғыр әліпбиі араб әліпбиімен қатар қолданылды. «Құтты білік», «Ақиқат сыйы» ескерткіштерінің көне ұйғыр әліпбиімен жазылған нұсқалары бар. Көне ұйғыр жазуындағы таңбалардың басым бөлігі соғды жазуымен сәйкес келеді. Көне ұйғыр жазба ескерткіштері мазмұны мен көлемі жағынан әртүрлі. Мәселен, «Алтын иарук» ескерткіші (1687 жылғы көшірмесі 1909 жылы табылған) будда дініне, «Хуастуанифт» ескерткіші (1908 жылы табылған) манихей дініне, «Мираж-наме» ескерткіші (1436 жылы жазылған) ислам дініне қатысты. 1432 жылы жазылған «Махаббатнама», IX-X ғасырларда жазылған «Оғызнама» ескерткішінің кей нұсқалары көне ұйғыр әліпбиімен сақталған.

Көп ноқат «...» – сөзді бүкпелеп жорта қалдырып сөйлегенде немесе сөздерді тізіп тұтастыра сөйлемей, үзін бөлек-бөлек сөйлеген орындарда қойылатын белгі, көп нүкте, қалдыру, тастау белгісі.

Көп нүкте «...» – сөзді бүкпелеп жорта қалдырып сөйлегенде немесе сөздерді тізіп тұтастыра сөйлемей, үзін бөлек-бөлек сөйлеген орындарда қойылатын белгі, көп ноқат, қалдыру, тастау белгісі.

Көтеріңкі дауыстылар – айтуда тілдің жоғарғы деңгейге көтерілуінен пайда болған қысаң дыбыстар (*ы, і, ұ, ү*).

Кпелле жазуы – Манде семьясының нигер-конголезиялық тілдері тобына жататын кпелле тілінің жазуы. К.ж. 1935 жылы Санойдағы (Либерия) Гбили жетекшісі құрастырған. Бұл жазу кең қолданыс таппағандықтан, бүгінгі кпелле тілі латын графикасына негізделген жазуды пайдаланады.

Краммер Сэмюэл Ноа (1897-1990) – америкалық шығыстанушысы, Шумер мәдениетін зерттеуші аса көрнекті ғалым. Қазіргі Украинаның Черкасск облысында туған. Филадельфиядағы Педагогика мектебін, Пенсильвания университетін бітірген. 1930 жылы акад тілі бойынша диссертация қорғаған. Осыдан кейін Шумер мәдениеті және тілі, жазуы жөнінде зерттеулер жасай бастады. Осы кезеңде Таяу Шығысқа, оның ішінде Иракқа ғылыми экспедицияларға барған. Солардың

